

ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары
технологиялық медициналық қызметті
үйлестіру жөніндегі республикалық орталық»
ШЖҚ РМК директорының
2023 жылғы «*03*» *08* №*23/35 МХ*
бұйрығымен «Бекітілген»

**ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық
қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Астана қ., 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1. ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - Орталық) сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әкімшілік және қылмыстық заңнамасына, Корпоративтік басқару кодексіне және Орталықтың Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес әзірленді. Саясат Орталықтағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын регламенттейтін Орталықтың негізгі ішкі құжаты болып табылады, алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың және оларға қарсы күрестің алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

2. ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы саясатының (бұдан әрі - Саясат) ережелері Орталықтың барлық бөлімдерінің орындауы және сақтауы үшін міндетті болып табылады.

3. Саясат Орталықтың ішкі пайдалануына арналған құжат болып табылады.

2. Негізгі терминдер мен ұғымдар

4. Осы Саясатта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) сыбайлас жемқорлық - Орталық қызметкерлерінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері не үшінші тұлғалар үшін алу немесе табу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

2) алаяқтық - бөтеннің мүлкін ұрлау немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкіне құқық алу;

3) Орталықта сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс – қимыл - Орталықтың өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және алаяқтық, оның ішінде Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Саясатта белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

6) Орталықтың Лауазымды адамы - Директор, директордың орынбасары және Орталық бөлімдерінің басшылары;

7) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам (бұдан әрі - уәкілетті тұлға) - мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функцияларын орындайтын тұлға, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының ұлттық орталығының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, Орталықта дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;

8) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпшен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық;

9) әкімшілік-шаруашылық функциялар - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

10) мүдделер қақтығысы - Орталықтың Лауазымды адамдарының, Орталықтың Уәкілетті адамдары мен Орталық қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың қызметтік өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың қызметтік өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

11) жеке мүдделер - жеке адамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігін білдіретін қатынастар;

12) жақын туыстар - ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары - жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары.

3. Қолдану аймағы

5. Осы Саясаттың нормалары Орталықтың Лауазымды адамдарына, Орталықтың Уәкілетті адамдарына және еңбек шартына сәйкес өз міндеттерін атқаратын Орталық қызметкерлеріне қолданылады.

Орталықтың Уәкілетті тұлғаларының тізбесі Орталықтың жарғысында айқындалады.

4. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері

6. Осы саясаттың мақсаты Орталықта сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттердің алдын алу және жолын кесу бойынша жан жақты және дәйекті

шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

7. Орталық Саясатының негізгі мақсаттары:

1) Орталықтың Лауазымды адамдарын, Орталықтың Уәкілетті адамдары мен Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға, ұжымда бизнес-процестерді әдепті жүргізуге ықпал ететін атмосфераны қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық көріністеріне төзбеушілік қатынасты құруға тарту;

2) Орталықтың Лауазымды адамдарында, Орталықтың Уәкілетті адамдарында және Орталықтың қызметкерлерінде:

- Орталық қызметкерлері мен Контрагенттерінде кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттерді қабылдамау туралы біркелкі түсінік қалыптастыру;

- атқаратын лауазымына, жұмыс мерзімдеріне, мәртебесіне және Орталықпен өзге де өзара қарым-қатынастарына карамастан Орталықты, Орталықтың Лауазымды адамдарын, Орталықтың Уәкілетті адамдарын және Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық және алаяқтық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа әкеп соқтыратын факторларды жою арқылы лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

3) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық ықтималдығын төмендетуге бағытталған шарттық қатынастар жасау кезінде тексеру іс-шараларын жүргізу арқылы Контрагенттермен шарттар жасасу кезінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдердің алдын алу;

5. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

8. Орталықта сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс қимыл мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) заңдылық;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;

3) басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және өзге де шараларды кешенді пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

5) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте жәрдемдесетін Орталық қызметкерлерін көтермелеу;

6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтық жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

6. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

9. Орталықта Орталықтың Лауазымды адамдарын, Орталықтың Уәкілетті

адамдарын және Орталық қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, Орталық осы мақсаттарда қабылдайтын шаралар, сондай-ақ осы саясаттың ережелері мен талаптары туралы хабардар етуді қамтитын оқыту жүргізіледі.

Орталық Орталықтың Лауазымды адамдарынан, Орталықтың Уәкілетті адамдарынан және Орталық қызметкерлерінен бұзушылықтар үшін негізгі қағидаттар, талаптар мен ықпалшаралар туралы хабардар ете отырып, Орталық саясатын сақтауды талап етеді. Орталықтың барлық Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері осы саясатты басшылыққа алып, оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауға тиіс. Орталықтың әрбір қызметкерімен міндетті түрде еңбек шартын жасасу кезінде Растауға (№2 қосымша) қол қойылады.

10. Орталық өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту жөнінде мыналар арқылы шаралар қабылдайды:

1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылануын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) мүдделер қақтығысын болғызбау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдау;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау;

5) Орталықтың тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес алаяқтықтың туындау тәуекелдерін тиісті бақылауды және басқаруды қамтамасыз етеді;

6) өз әрекеттерімен Орталықтың іскерлік беделіне теріс әсер етуі мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қасақана бұзатын ұйымдармен іскерлік қатынастардың туындауын болдырмау үшін қажетті шараларды жүзеге асырады;

7) Орталық қызметкерлеріне мүдделер қақтығысы мен корпоративтік шиеленістің (даудың) туындау мәселелері бойынша жүгінген жағдайда қолдау көрсетеді;

8) қызметкерлерді алаяқтық қызметке тарту тәуекелдерін уақтылы болжау және азайту;

9) алаяқтықтың кез келген нысандары мен көріністерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу;

10) бизнес-процестердің ағымдағы мониторингі, әлзәуетті осалдықтарды талдау, алаяқтық әрекеттерді іске асыру тәуекелдерін барынша азайтатын барабар шараларды ұйымдастыру және қабылдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау;

11) халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес қаржылық есеп пен есептілік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

12) алаяқтықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларға

мерзімді зерттеу жүргізеді, сондай-ақ оның алдын алу бойынша іске асырылатын шаралардың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізеді;

13) ұжымда жағымсыз процестердің туындауының алдын алуға және қызметкерлер тарапынан құқыққа қарсы әрекеттер жасауға жол бермеуге бағытталған профилактикалық қызметті жүзеге асыру;

14) алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өз қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарымен практикалық өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

15) ішкі бақылау жүйесінің, атап айтқанда бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүйесінің тиімділігіне тұрақты сыртқы және ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, сондай-ақ бөлімдердің заңнама, халықаралық стандарттар және Орталықтың ішкі құжаттары талаптарын сақтауын бақылау;

16) контрагенттердің қызметкерлері мен өкілдерінен, үшінші тұлғалардан Орталықтағы алаяқтық әрекеттердің белгілері туралы ақпарат алу үшін байланыс арналарын ("жедел желілер"), арнайы электрондық поштаны және т.б. ұйымдастырады;

17) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың ықтимал жағдайлары туралы қызметтік тергеу жүргізеді.

Орталықта сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, бірақ олармен шектелмейді:

1) бұрын орын алған ұқсас құқық бұзушылықтарды талдау, бағалау, олардың жаңа нысандарда қайталануы мен көрінуін болжау, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарларды, бағдарламалар мен стратегияларды пысықтау және іске асыру;

2) сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта отырып, жауапты құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен семинарлар, дәрістер өткізу арқылы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа төзбеушілікке үздіксіз білім беру және тәрбиелеу жүйесін енгізу;

3) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа тікелей қарсы іс-қимыл және ұйымдастыру саласындағы мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру;

4) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының алаяқтық саласындағы қылмыстық заңнамасында көзделген әрекеттерді жасауға жол бермеудің алдын алу;

5) Орталықта мінсіз жұмысты көтермелеу (сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде олардың жұмыс белсенділігін арттыруға ықпал ететін Орталық қызметкерлеріне материалдық сыйақы беру тетіктерін әзірлеу және іске асыру);

6) шарттар жасасу кезінде Орталықтың Контрагенттерінің Орталық қызметкерлерімен байланысын/ үлестестігін анықтау жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;

- 7) тиісті қаржы жылына арналған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында көзделген тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
- 8) ақпарат алуда қолжетімділік шеңберінде Орталықтың интернет-ресурсының жұмысында ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету;
- 9) Орталықта сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері туралы хабарлар үшін кері байланыс (арнайы электрондық пошта жәшігі) тетігін енгізу;
- 10) Орталыққа жұмысқа қабылданатын барлық адамдарды Орталықтың қауіпсіздік бөлімшесінің сөзсіз тәртіпшен тексеруі;
- 11) Орталыққа жұмысқа қабылдау кезінде қауіпсіздік бөлімшесі нұсқаулықтан өткізу кезінде осы Саясаттың мазмұнын қызметкерлердің назарына жеткізуі;
- 12) Орталықтың орталық аппараты мен филиалдарының Саясат мәселелері бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл тетігін құру;
- 13) Орталыққа оның байланыс арналары арқылы үшінші тұлғалардан белгілі болған контрагенттер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына қайта бағыттау;
- 14) Орталықта ішкі бақылау жүргізуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты Орталықтың жүйесі мен құрылымдық бөлімшелерін жетілдіру;
- 15) қаржылық операцияны жүргізудің дұрыстығын, оларды тиісті түрде құжаттауды ұйымдастыру және бейресми қосарланған есептілікті жасауға, есепке алынбаған немесе дұрыс есепке алынбаған операцияларды жүргізуге, жоқ шығыстардың есебін жүргізуге, бухгалтерлік және өзге де құжаттаманы заңнамада көзделген мерзімдерден бұрын жоюға жол бермеу;
- 16) қызметтік тергеп-тексеру жүргізу (оның ішінде алынған ақпарат), сондай-ақ кінәлі адамдарды жауапқа тарту және болашақта осындай сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерге жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау;
- 17) Орталықтың сыртқы және ішкі аудитін жүргізу;
- 18) Орталықта бар бақылау рәсімдерінің тиімділігіне мониторинг жүргізу (алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жетілдіру, яғни бақылау ортасының анықталған кемшіліктерін жою);
- 19) жасалған сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың салдарын жою;
- 20) Орталықтың ішкі құжаттарының талаптарын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының өзгеріп отыратын талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында заңнамалық базаның және оның құқық қолданылуының мониторингі;
- 21) Орталықтың ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

7. Мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу

11. Мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу жөніндегі

ұйымшылдық жүйені құру кезінде Орталық мүдделер қақтығысын басқарудың мынадай түйінді қағидаттарына негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) қоғамдық мүддені қорғау;
- 3) ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету;
- 4) объективтілік және жеке қарау;
- 5) құпиялылық;
- 6) нақты-жағдаяттық тәсіл;
- 7) жүйелілік;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мүдделер қақтығысы үшін жағдайлар жасау тәуекеліне пропорционалдығы;
- 9) рәсімдердің тиімділігі;
- 10) мемлекеттік қызметшілердің тартылуы;
- 11) төзбеушілік және ішкі мәдениет;
- 12) жеке мысал;
- 13) дербес жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы;
- 14) қудалаудан қорғау;
- 15) тұрақты бақылау және мониторинг.

1) Заңдылық қағидаты

Мүдделер қақтығысын басқарудың іске асырылып жатқан саясатының Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

2) Қоғамдық мүддені қорғау қағидаты

Қоғамдық мүддеге қызмет ету - Орталық қызметкерінің міндеті, ол жеке қалауына сүйенбей, тек заңға және берілген саяси бағытқа сүйене отырып шешім қабылдауға міндетті. Орталықтың қоғамдық қызметкері өзінің қоғамдық борышын бейтараптық, адалдық және қоғамдық мүддеге қызмет ету қағидаттары негізінде орындауы тиіс.

3) Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты

Шешім қабылдау жүйесі ашық және жария болуы керек. Заң талаптары мен нақты белгіленген рәсімдерге негізделген міндеттерді орындау.

4) Объективтілік және жеке қарау қағидаты

Жанжалды оқиғаларды барабар түсіну және шынайы бағалау. Әрбір анықталған және кез келген өзге де мүдделер қақтығысы Орталық пен жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделері үшін ықтимал тәуекелдерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралуға, сондай-ақ оны одан әрі реттеу жүргізілуіне тиіс. Орталықтың Лауазымды тұлғалары, Орталықтың Уәкілетті тұлғалары және Орталық қызметкерлері мүдделер қақтығысын зерттеу процесі мен нәтижелеріне жеке және өзге де мүдделер мен түрлі факторлардың кез келген әсерін қоса алғанда, мүдделер қақтығысының нақты жағдайын бұрмалайтын кез келген субъективтілікті барынша азайтуға ұмтылуға тиіс.

5) Құпиялылық қағидаты

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және мүдделер қақтығысын одан әрі реттеу процесінің құпиялылығын қарастырылып отырған жағдай бойынша қорытынды шығару және түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін қатаң сақтау.

6) Нақты-жағдаяттық тәсіл қағидаты

Қақтығыс кескіндері мен нысандарының әртүрлілігі құбылысын, сапалық және сандық айырмашылықтарын, қақтығыс көріністерінің реттілігі мен ерекшеліктерін ескеру.

7) Жүйелілік қағидаты

Жанжалды өзара әрекеттесу динамикасына әсер ету әдістері мен тәсілдерін кешенді қолдану.

8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мүдделер қақтығысы үшін жағдайлар жасау тәуекеліне пропорционалдығы қағидаты

Орталықтың Лауазымды адамдарын, Орталықтың Уәкілетті тұлғаларын және Орталық қызметкерлерін мүдделер қақтығысына байланысты жағдайларға тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және орындау Орталықтың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

9) Рәсімдердің тиімділігі қағидаты

Орталықта құны төмен, іске асырудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін және мағыналы, тиімді нәтиже беретін мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу жөніндегі ұйымшыл жүйені қолдану.

10) Орталық қызметкерлерінің тартылуы қағидаты

Орталықтың Лауазымды адамдарын, Орталықтың Уәкілетті тұлғаларын және Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар ету және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді қалыптастыруға және іске асыруға, оның ішінде мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу саласында белсенді қатысуы.

11) Төзбеушілік және ішкі мәдениет қағидаты

Орталық мәдениетті және өзінің жұмыс ортасында мүдделер қақтығысының туындауына төзбеушіліктің жоғары дәрежесін қалыптастырады. Орталық Орталықтың Лауазымды тұлғаларының, Орталықтың Уәкілетті тұлғаларының және Орталық қызметкерлерінің ықтимал мүдделер қақтығысын жария етуін құптайды және осы Саясаттың ережелерін түсінуге бағытталған ашық қарым-қатынастың ішкі мәдениетін дамытады.

12) Жеке мысал қағидаты

Орталықтың Лауазымды тұлғалары мен Орталықтың Уәкілетті тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу жөніндегі ішкі ұйымдастыру жүйесін құрудағы түйінді рөлі.

Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және

Орталық қызметкерлері өз іс-әрекеттерімен парасаттылық пен әдептілік мінез-құлқының жеке үлгісі ретінде қызмет етеді, кәсіпқойлыққа бейілділігін көрсетеді және осы Саясаттың және өзге де ішкі құжаттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын мүлтіксіз орындайды, Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдері мен кемшіліктерін анықтауға қатысады.

13) Дербес жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты

Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға карамастан, жазаның бұлтартпастығы, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу жөніндегі ұйымішілік жүйені іске асыру үшін Орталық басшылығының дербес жауапкершілігі.

Мүдделер қақтығысы фактісіне жол берген Орталық бөлімшесі қызметкерінің тікелей басшысы мүдделер қақтығысын уақтылы анықтамағаны және аспағаны, сондай-ақ мүдделер қақтығысын тиісінше реттемегені үшін дербес жауапты болады.

Қызметкер қоғамдық және жеке мүдделер арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін жеке жауап береді.

Әрбір қызметкер лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттерін орындау кезінде өзінің жеке мүдделерін декларациялауға және сәйкестендіруге жауапты болуы керек.

14) Қудалаудан қорғау қағидаты

Уақтылы ашылған және реттелген (алдын алынған) мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға байланысты Орталық қызметкерін қудалаудан қорғау.

15) Тұрақты бақылау және мониторинг қағидаты

Мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау жөніндегі Орталықтың ұйымішілік жүйесі шеңберінде енгізілген стандарттар мен рәсімдердің тиімділігіне тұрақты мониторингті жүзеге асыру.

12. Орталық мүдделер қақтығысының алдын алуды, анықтауды және реттеуді іске асырудың барысы мен тиімділігіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқаруды және ішкі бақылауды жүзеге асыратын қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөлімшелер жыл сайын Орталық басшылығына тиісті есепті ұсынуға тиіс. Егер мониторинг нәтижелері бойынша іске асырылып жатқан іс-шаралардың тиімділігіне күмән туындаса, Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

13. Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті тұлғалары және Орталық қызметкерлері мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді келесі мерзімдерде ашады:

1) Орталықтың Лауазымды адамында, Орталықтың Уәкілетті адамында және Орталық қызметкерінде ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған кезде - ол

туындаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей.

2) Орталықтың қауіпсіздігіне жауапты құрылымдық бөлімшенің талабы бойынша (оның ішінде электрондық сұрау салу арқылы) - талап жіберілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) мүдделер қақтығысының болуы туралы ұсынылған ақпаратқа тексеру жүргізу кезінде - мүдделер қақтығысын ашу туралы талап жіберілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

14. Саясатта көзделген мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу шаралары мен тәсілдері толық сипатта болмауы тиіс, өйткені әрбір нақты жағдайда қалыптасқан мүдделер қақтығысының ерекшелігіне, қабылданатын шаралардың мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына сәйкестік дәрежесіне байланысты қақтығысты реттеудің өзге де нысандары пайдаланылуы мүмкін.

15. Орталық қызметкерлеріне туындаған мүдделер қақтығысын сотқа дейінгі тәртіппен реттеудің кез келген қолжетімді заңды тәсілдерін Орталықтың заңды мүдделерін сақтай отырып пайдалануға мүмкіндік берілуі тиіс.

16. Қызметкер мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға және туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе ол туралы өзіне белгілі болған бойда оның туындау мүмкіндігі туралы Жұмыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті.

17. Тарап Уәкілетті тұлға немесе онымен үлестес тұлғалар болып табылатын Орталықтың атынан мәмілелер жасасу кезінде Уәкілетті адамдарда мүдделер қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Орталықтың директоры бекітеді.

Тарап Лауазымды адам тұлға немесе онымен үлестес тұлғалар болып табылатын Орталықтың атынан мәмілелер жасасу кезінде Лауазымды адамдарда тұлғаларда мүдделер қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Орталықтың директоры бекітеді.

18. Орталықтың мүдделілігі бар мәмілеге кіруі туралы шешімдерді қабылдауға ықпал ету мақсатында Орталықтың Лауазымды адамдарының, Орталықтың Уәкілетті адамдарының тікелей бағынысқа кіретін де, кірмейтін де бөлімдердің қызметіне араласуына тыйым салынады.

19. Орталықтың Лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерден, мүдделер қақтығысы бар операциялар бойынша шешімдер қабылдаудан бас тартуға міндетті.

20. Орталық қызметкерлері кез келген нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты өзінің тікелей басшысына ашуға міндетті.

21. Орталық қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру барысында жеке мүдделерден аулақ болуға міндетті.

22. Мүдделер қақтығысы жағдайларына немесе мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға мыналар жатады, олар толық емес:

1) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы немесе олардың жақын туысы Орталықпен жасалатын мәміледе тарап болып табылатын жағдай;

2) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы немесе олардың жақын туысы Орталықпен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылатын жағдай;

3) Орталықпен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік;

4) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті тұлғасы және Орталық қызметкері, егер мұндай қоса атқаруға Жұмыс берушінің мақұлдауы алынбаса, еңбек шарты бойынша жұмысты бірнеше ұйымда қоса атқаратын жағдай;

5) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы, Орталық қызметкері немесе олардың жақын туысы Орталықтың Лауазымды адамының, Орталықтың Уәкілетті адамының немесе Орталық қызметкерінің өзінің кәсіби міндеттерін орындағаны немесе Орталықтың Лауазымды адамының, Орталықтың Уәкілетті адамының немесе Орталық қызметкерінің өзінің кәсіби міндеттерін орындауына байланысты басқа да қызметтер үшін үшінші тұлғалардан ақша, өзге нысандарда өзге де игіліктер түрінде сыйақы алатын жағдай;

6) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы, Орталық қызметкері немесе олардың жақын туысы жұмыс бойынша бағыныстағы адамдардан Орталықтың Лауазымды адамының, Орталықтың Уәкілетті адамының немесе Орталық қызметкерінің өзінің кәсіби міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдайтын жағдай;

7) орталықтың лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы, Орталық қызметкері немесе олардың жақын туысы жеткізушілерден/әлеуетті жеткізушілерден Орталықтың басқа лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамдары, Орталық қызметкерлері және олардың жақын туыстары қол жеткізе алмайтын дербес жеңілдіктер немесе басқа да айрықша артықшылықтар алатын жағдай;

8) Орталықтың ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Орталықтың мүлкін пайдалану мүмкіндігін қоспағанда, Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы немесе Орталық қызметкері Орталықтың мүлкін жеке мақсатта пайдаланатын жағдай;

9) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы немесе Орталық қызметкері өзінің кәсіби міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы Орталықтың мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін ақпаратты жария етуі, сондай-ақ Орталықтың Уәкілетті адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы, Орталықтың қызметкері немесе олардың жақын туысы жеке пайда алу үшін Орталықпен байланысты құпия ақпаратты кез келген пайдалану жағдайы;

10) Орталықтың Лауазымды адамы, Орталықтың Уәкілетті адамы немесе Орталық қызметкері оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысатын жағдай;

11) лауазымдық міндеттерін атқаратын адамның өзіне қатысты шешім қабылдайтын адаммен үлестес болған жағдай. Мұндай үлестестік қаржылық, отбасылық (оның ішінде отбасылық-тұрмыстық; ортақ баласы (балалары) бар тұлғалар, жақын туыстық қатынастардың болуын болжайды;

12) Орталықтың Лауазымды адамы не Орталықтың Уәкілетті адамы жалақыны көтеру мәселелерін тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туыстарының қатарына жатпайтын туыстарына қатысты қараған, тек оған басқа қызметкерлермен салыстырғанда сыйлықақылар немесе одан да жоғары сыйлықақылар төлеген, тәртіптік жазалар қолданған немесе алып тастаған және т.б. жағдайларда.

23. Орталық пен оның қызметкері арасында Орталық қызметкерлерінің өздерінің функционалдық міндеттерін орындауы шеңберінде және орындау үшін еңбек шарттары мен өзге де келісімдер жасасу жағдайлары мүдделер қақтығысы болып табылмайды.

24. Осы Қағидалардың 23-тармағында аталған жағдайлар толық болып табылмайды. Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері барлық жағдайларда заңнаманың, Жарғының, осы Қағидалардың және Орталықтың басқа да ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

25. Орталықта туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу үшін Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері заңды және негізделген бола отырып, Орталықтың мүдделеріне сай келетін шешімді іздеу мақсатында рәсімдерді жүзеге асырады.

26. Қызметкер жоғары тұрған басшыны тиісті мән-жай туындаған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Орталықта өз қызметін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының болуы және туындауы туралы хабардар етуге міндетті. Жанжалды бөлім деңгейінде реттеу мүмкін болмаған жағдайда, бөлім басшысы бір жұмыс күні ішінде осы бөлімге жетекшілік ететін адамға жанжал, оның туындау себептері, қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті. Бөлімге жетекшілік ететін тұлға жанжалды реттеу тәртібін айқындайды. Қажет болған жағдайда мүдделер қақтығысын реттеу үшін комиссия құрылуы мүмкін.

27. Орталық қызметкерлеріне материалдық және өзге де игіліктерді ұсыну, алуға итермелеу туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберіледі.

28. Орталықтың Лауазымды адамдары Орталықта туындайтын мүдделер қақтығысының кез келген түрін реттеу үшін:

1) туындайтын мүдделер қақтығысын анықтауға, олардың себептерін анықтауға;

2) Орталық органдарының құзыреті мен жауапкершілігін нақты ажыратуға;

3) мүмкіндігінше қысқа мерзімде Орталықтың ұстанымын жанжалдың мәні бойынша айқындауға, тиісті шешім қабылдауға және оны жанжалдың екінші тарапының назарына жеткізуге;

4) жанжалдың екінші жағына орталықтың жанжалдағы ұстанымын нақты негіздейтін толық және жан-жақты жауап жіберуге, ал жанжалға қатысушының заңнама, жарғы және Орталықтың ішкі құжаттары негізінде уәждеу туралы өтінішін немесе талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті. Сонымен қатар, жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілген өтініштер Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Өтініш осы Кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Орталық өтініш берушіге өтініштің қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді, оны талаптарға сәйкес келтіру үшін орынды мерзім белгілейді. Егер өтініш беруші оны белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірмесе, Орталық өтінішті қайтарады. Өтінішті қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді.

5) мүдделері жанжалды қозғайтын немесе қозғауы мүмкін адамдардың осы жанжалды шешуге және шешуге қатыспауын қамтамасыз етуге міндетті;

29. Осы Саясатта көрсетілген мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралар тізбесі толық болып табылмайды. Әрбір нақты жағдайда мүдделер қақтығысының туындау саласына байланысты қақтығысты реттеудің басқа нысандары болуы мүмкін.

30. Мүдделер қақтығысын басқару және заңнама мен Орталықтың ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мақсатында Орталықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты бөлім Орталықтың Уәкілетті тұлғаларымен үлестес тұлғалардың тізімін жүргізеді.

8. Ақпараттандыру

31. Орталық осы саясатты Орталықтың корпоративтік сайтында еркін қолжетімділікте орналастырады, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, барлық Саясат субъектілері мен өзге де тұлғалардың саясат қағидастары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді.

32. Сыбайлас жемқорлықтың ықтимал немесе белгілі жағдайлары туралы хабарламалар құпиялылықты қамтамасыз ететін келесі арналар мен байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін:

- 1) Сенім телефоны - 8 (7172) 69-25-38;
- 2) электрондық пошта мекенжайы: hotline@transplant.kz;
- 3) пошталық мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Керей, Жәнібек хандар к., 5/1 ғимарат, 658-кеңсе

9. Жауапкершілік

33. Орталықтың Лауазымды адамдары, Орталықтың Уәкілетті адамдары және Орталық қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, осы Саясаттың қағидастары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ осы қағидастарды,

талаптарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді бұзатын оларға бағынысты адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапты болады.

Орталықта сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілік шараларына: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік шаралары жатады. Орталық Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін шеңберде сыбайлас жемқорлықтың әрбір негізделген күдігі немесе белгіленген фактісі бойынша қызметтік тергеп-тексерулер жүргізуге құқылы.

ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№ 1 қосымша

ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулері

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу және оның қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 12-бабына сәйкес әзірленді.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді әзірлеушінің атауы: ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - Орталық).

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау мақсатында Орталықтың Лауазымды адамдарына, Орталықтың Уәкілетті адамдарына және Орталық қызметкерлеріне:

1) заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен жеке немесе делдалдар арқылы өздерінің қызметтік өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды қабылдауға не мүліктік пайда, ақша, көрсетілетін қызметтер түріндегі және өзге де нысандардағы кез келген сыйақыны алу үшін өз өкілеттіктерін өзге де пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай жасайтын, заңнамада белгіленген әкімшілік және/немесе қылмыстық жауаптылыққа (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға) әкеп соғатын кінәлі әрекеттерді жасауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) және (немесе) жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттарының (жұбайының (зайыбының) ағаларының, әпкелерінің, ата-аналары мен балаларының)

материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалануға;

4) Орталықта қызметке қабылдау және жоғарылату кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, отбасылық) беруге міндетті;

5) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде заңды және/немесе жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық беруге;

6) біреуге кәсіпкерлік және табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдем көрсетуге;

7) ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жеке және/немесе заңды тұлғаларға ақпараттан негізсіз бас тартуға, оны кідіртуге, анық емес немесе толық емес ақпарат беруге;

8) жеке немесе заңды тұлғалардан осы адамдар ұсынуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген ақпаратты талап етуге;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың және оның құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін бұзуға;

10) аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін жоғары тұрған ресми тұлғаларға сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге;

11) жоғары тұрған немесе төмен тұрған адамдармен не олармен қызметі немесе жұмысы бойынша өзге де тәуелді адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысуға;

12) Орталықта үшінші тұлғалардың істері жөніндегі өкіл болуға;

13) Орталықтың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;

14) егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерін атқаруға;

15) Орталықтың басқа қызметкерлеріне, өзге де жеке және заңды тұлғаларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол беруге тыйым салынады.

ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№ 2 қосымша

Растама

Туісті ұяшықтарды белгілеңіз

- Мен ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерттегенімді және түсінгенімді растаймын.
- Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді қатаң сақтауға, сондай-ақ ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенемін.
- Мен Орталықта еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау мерзімі ішінде жылына бір рет ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенемін.
- Маған ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда мені Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту, оның ішінде атқаратын қызметтен босату мүмкін екендігі туралы хабарланды.
- Мен мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау және алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға және мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Жұмыс берушіге ол туралы белгілі болған бойда дереу хабарлауға міндеттенемін.

Мұнда қол қойыңыз

Т.А.Ә. _____

Қолы _____

Күні _____